

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары арнайы оқу пәні

Дәрісті дайындаған:

PhD доктор Рахимова Гакку Нурлановна

1-тақырып. Құқық қорғау органдары түсінігі, олардың негізгі белгілері мен міндеттері. Құқық қорғау органдарының қызметі.

- **1.Құқық қорғау органдары түсінігі**
- **2. Құқық қорғау органдарының қызметі**
- **3. Мемлекеттің құқық қорғау қызметін жетілдірудегі құқықтық саясаты**

Құқық қорғау органдары – заң және құқық тәртібін, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қылмысқа қарсы күрес міндеттерін атқаратын мемлекеттік органдар.

- Айта кету керек, ғылымда да, заң әдебиетінде де құқық қорғау қызметінің субъектілерін анықтауда ортақ пікір, ал заңнамада **«құқық қорғау органдары»** ұғымына нақты түсініктеме беретін құқықтық норма тиянақты белгіленбеген.
- Құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдар қатарына сот органдарын жатқызу мәселесі де құқық қорғау органдарының теориясында да, мамандар арасында да пікірталас тудыруда.

Құқық қорғау органдары пәні

- қорғау органдарының құрылымы, жүйе ретінде де ұйымдастырылуы, олардың алдында тұрған міндеттерді анықтау, оны жүзеге асыру үшін оларға берілетін құзыреттерді оқыту жатады.
- Мысалы, прокуратураның және басқа құқық қорғау органдарының қалай ұйымдастырылатынын білмей, олардың қызметін, өзара қарым-қатынастарын анықтау мүмкін емес.

Ғалымдардың пікірлері

- Ғалымдар арасында сот органдарын құқық қорғау органдарына жатқызу мәселесіне қатысты түрлі пікірлер қалыптасқан.
- Мысалы, Р.А.Беленков сотты - «соттардың заңда және ол белгілеген процедураға сәйкес қылмыстық және азаматтық істерді қараудағы және шешудегі құқық қорғау қызметінің түрі» деп қарастырады.
- К.Ф.Гуценконың ойынша: «Қайсыбір органды құқық қорғау органдарына жатқызу оны тәуелсіздіктен айырып, басқа біртекті органдарға тәуелді етуді білдірмейді. Соттарды құқық қорғау органдары қатарынан алып тастау олардың құқық қорғауға уәкілетті және онымен айналысуға міндетті екендігін қалай да теріске шығарады. Өз құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын іздеп адамдар көбіне сотқа жүгінеді. Соттар - құқық қорғау органдары жүйесінің ең биік шыңы»

Құқық қорғау органдарының қызметіндегі негізгі бағыттары:

- азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- тиісті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы сақтық жұмыстары;
- құқық бұзушылық фактілерін айқындау, айыптыларды жауапқа тарту мақсатында ол фактілерді заңда белгіленген тәртіпте тергеу;
- құқық бұзушылық жасаған адамдарға көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану;
- қабылданған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- білікті заңдық көмек көрсету.

Құқық қорғау органдарына жатқыза алатындай бірқатар критерийлер мен елеулі белгілер:

- құқық қорғау органдарының бұл қызметпен айналысуына заң уәкілеттік береді, құқық қорғау қызметін тек оның қызметкерлері ғана жүзеге асырады;
- құқық қорғау қызметі заңда белгіленген тәртіп пен процедура қатаң сақталып, іске асырылады, оны бұзған лауазымды адам тиісті жауапкершілік тартылады;
- құқық қорғау органдары өз қызметінің барысында ықпал етудің заңдық шараларын қолдану арқылы өктемдік билікті пайдаланады;
- құқық қорғау органдарының, олардың лауазымды адамдарының өз құзыреті шегінде қабылдаған заңды және дәлелді шешімдері мен әрекеттері міндетті түрде орындалуға жатады, оларды орындамау заң бойынша жауапкершілікке алып келеді.

Құқық қорғау органдары:

- Ішкі істер органдары
- Прокуратура
- Сыбайлас жемқарлыққа қарсы қызмет органы
- Өртке қарсы қызмет органы
- Экономикалық тергеу органы

Құқық қолдану органдары

- Құқық қорғау органдары өзге мемлекеттік органдармен және де мемлекеттік емес органдармен өзара әрекеттестікте болады. Құқық қорғауға көмектесетін органдар да бар, оларды «құқық қолдану органдары» деп атауға болады. «Құқық қорғау органдары» ұғымына қарағанда «құқық қолдану органдарының» ұғымы кең. Құқық қорғауға көмегін тигізетін құқық қолдану органдарына нотариат, адвокатура, күзет қызметі, сот, салық және өзге қаржы органдары, сот-сараптама мекемелері жатады.

Мемлекеттің құқық қорғау қызметін жетілдірудегі құқықтық саясаты

- құқық қорғау қызметіне кең ауқымда қарайтын болсақ, онда Конституцияның, елдегі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандығының кепілгері, бәрінен бұрын, Мемлекет басшысы болып табылады. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары анықтайды, қоғамдық өмірдің және елді басқарудың барлық салаларына қатысады.
- Қазақстандағы демократиялық үрдістердің қарқынды дамуы құқық қорғау жүйесін әлемдік стандартқа сәйкестендіру қажеттігін көрсетті. Осыны ескере отырып және Елбасының «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасында құқық қорғау органдарының кадрлық саясатының тұжырымдамасы жасалды. Мемлекет басшысы сот және құқық қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, соттарды, прокуратураны, әділет және ішкі істер органдарын, қаржы полициясы мен арнаулы қызметтерді жаңғырту халықтың құқықтық санасының деңгейін арттырумен бір мезгілде шешілетінін атап өтті.

Құқық қорғау органдарының ролі

- Биліктің **заң шығарушы органы**, өзінің заң шығару функциясын жүзеге асырғанда құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру және оның мазмұнының мәселесін реттейді. Биліктің **атқарушы тармағының** құқық қорғау функциясына Үкіметтің көптеген құқық қорғау органдарының қызметін ұйымдастыру, оларды кадрлармен, материалдық-техникалық және әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелері бойынша нормативтік актілер шығаруын жатқызу керек. Құқық қорғау органдарының жүйесінде **соттың** алатын орны ерекше, ол республикада әділ сотты жүзеге асыратын бірден-бір орган. Соттар мемлекеттік биліктің дербес тармағының мәртебесіне сай құзыры бар мемлекеттік билік органы болып табылады.

Құқық қорғау органдарының ролі

- Қазақстан Республикасының әділет органдары биліктің атқарушы тармағының құқық қорғау органдары жүйесінде соңғы жылдары өздерінің өкілеттік ауқымын кеңейтті, құқық қорғау қызметін күшейтті.
- Бүгіндері әділет министрлігі тек заң шығарушылық қызметке ғана басшылық жасап қоймайды, адвокатура мен нотариат институттарының, халыққа қызмет ету орталықтарының көп қызметіне жетекшілік етеді.
- Елдегі заңдылық пен құқық тәртібінің жағдайы көбіне прокуратура қызметімен тікелей байланысты, ол құқық қорғау жүйесінің өзегі болып табылады.
- Адвокатура, нотариат және басқа мемлекеттік емес ұйымдар құқық қорғау қызметін іске асыруға елеулі үлес қосатындықтан, бұл органдар жайындағы материалдар, әдетте, осы оқу пәні шегінде баяндалады.

Құқық қорғау қызметіне қойылатын талаптар

- Құқық қорғау органдарына қызметке жасы он сегізге толған, өзінің жеке, моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулығы мен дене бітімінің даму жағдайы, білім деңгейі жөнінен өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары ерікті негізде қабылданады. Құқық қорғау органдарына қызметке (оқуға) қабылданатын
- үміткерлерді іріктеуді, оларды алдын ала зерделеуді құқық қорғау органдарының кадр бөлімшелері жүзеге асырады.
- Құқық қорғау органдарына қызметке тұру үміткерлерді міндетті түрде тағылымдамадан өткізе отырып, конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Құқық қорғау органдарында қызметте болу мынадай жаспен шектеледі:

- 1) майорға дейінгілер, кіші кеңесшіні қоса алғанда – қырық бес жасқа;
- 2) подполковниктер, кеңесшілер - қырық жеті жасқа;
- 3) полковниктер, аға кеңесшілер - елу үш жасқа;
- 4) жоғары басшы құрамдағы адамдар елу сегіз жасқа дейін бола алады.
- Құқық қорғау органының лауазымдарға тағайындау құқығы берілген басшысы немесе уәкілетті басшысы жоғары кәсіптік даярлығы, атқаратын лауазымы бойынша жұмыс тәжірибесі бар және денсаулық жағдайы бойынша қызметті өткеруге жарамды қызметкерлерге, олардың келісімімен, қызмет мерзімін бес жылға дейінгі мерзімге ұзарта алады.

Бақылау сұрақтары

- 1. Құқық қорғау органдарының қызметі туралы қандай құқық актілер-де бекітілген?
- 2. Қызметті құқық қорғау органдарына жатқыза алу үшін қандай елеу-лі белгілер арқылы анықтауға болады?
- 3. Мемлекетте қандай органдарды құқық қорғау органдарына жатқызуға болады?